

Астықты және басқа да ауыл шаруашылығы өнімін экспортқа шығару тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 8 желтоқсан N 1397. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.07.28. N 1035 қаулысымен.

Қазақстаннан, оның ішінде Үкіметаралық келісімдер бойынша астықты, сондай-ақ мақта талшығын, былғары шикізатын, былғарыны, биязы жүнді, марал мүйізін, қойдың ішек-қарынын /бұдан әрі - ауыл шаруашылығы өнімін/ экспортқа шығаруды реттеу мен әкету жағын рәсімдеуді жеңілдету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Халықаралық Қазақстан агроөнеркәсіп биржасына астықты және басқа да ауыл шаруашылығы өнімін экспортқа сату жөнінде аукциондар өткізу тапсырылсын.

Аукциондарға Республикалық баға комиссиясынан алдын ала сараптаудан өткен астық және басқа да ауыл шаруашылығы өнімін беру контракттарын тапсырған шаруашылық жүргізуші субъектілер қатыстырылады.

2. Үкіметаралық келісімдер бойынша Халықаралық Қазақстан агроөнеркәсіп биржасында астықты және ауыл шаруашылығы өнімін экспортқа шығаруға арналған аукционда жеңіп шыққан шаруашылық жүргізуші субъектінің аталған өнімдері Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге лицензиясыз әкету құқы бар деп белгіленсін.

Кеден органдары үшін бұл өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге жіберуге:

Республикалық баға комиссиясының сарабынан өткен және Халықаралық Қазақстан агроөнеркәсіп биржасында тіркелген контракт;

Халықаралық Қазақстан агроөнеркәсіп биржасында берілген сертификат негіз болып табылады.

Қазақстанның халықаралық агроөнеркәсіптік биржасына былғары шикізатын, жүн, мақта-талшықтарды экспорттауға сертификат тек еркін айналымдағы валютаға өнім жеткізу және алдын-ала төлем немесе есеп айырысудың аккредитивті ескеріліп жасалған контракттары бойынша берілуі жүзеге асырылсын. <*>

Ескерту. 2-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРМК-нің 1995.02.06. N 114 қаулысымен.

3. Үкіметаралық келісімдердің шарттарына сәйкес, астықты экспортқа шығарушылардың оны орындауға мүдделі болуы мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің "Экспортқа шығарылатын тауарларға Қазақстан Республикасының кеден тарифі туралы" 1994 жылғы 11 қаңтардағы N 1499 /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 3, 20-бап/ және "экспортталатын және импортталатын тауарларға Қазақстан Республикасының кеден тарифтерінің ставкаларын ішінара өзгерту туралы" 1994 жылғы 24 ақпандағы N 1579 Жарлықтарының негізінде Үкіметаралық келісімдер бойынша экспортқа шығарылатын дәнді дақылдарға /коды ТН ВЭД 1001-1008/ кеден баж салығы салынбайды деп белгіленсін.

4. Шаруашылық жүргізуші субъектілерге 1995 жылы астықты Қазақстан Республикасы 1994 жылға жасаған Үкіметаралық келісімдерді орындау есебіне тапсыруға рұқсат етілсін.

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Үкіметаралық келісімдерге сәйкес экспортқа астық жөнелту үшін шаруашылық жүргізуші субъектілерге олардың өтінімдері бойынша жарамды жабық вагондардың бірінші кезекте тоқтаусыз берілуін қамтамасыз етсін.

6. Астықты, экспортқа шығару сертификаттарын рәсімдеу Қазақстан Республикасының тауар биржаларында жүргізіледі. Контрактыларды сараптауды облыстық /аймақтық/ баға комиссиялары жүзеге асырады. <*>

Қазақстан Республикасының тауар биржаларында астықты және экспортқа шығаруға сертификат алған шаруашылық жүргізуші субъектінің аталған өнімдерді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге лицензиясыз әкетуге құқы бар. <*>

Кеден органдары үшін бұл өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге жіберуге:

Республикалық немесе облыстық /аймақтық/ баға комиссиясынан сараптан өткен және Халықаралық Қазақстан агроөнеркәсіп биржасында немесе аймақтық биржаларда тіркелген контракт;

Халықаралық Қазақстан агроөнеркәсіп биржасы немесе аймақтық биржалар берген сертификат негіз болып табылады.

Ескерту. 6-тармақтан сөздер алынып тасталған - ҚРМҚ-нің
1994.12.08. N 1456 қаулысымен.

7. Экспортқа шығарылатын 1000 тоннадан жоғары көлемдегі астыққа, сондай-ақ мақта талшығына, былғары шикізатына, былғарыға, биязы жүнге, марал мүйізіне, қойдың ішек-қарнына жасалған контрактылар Республикалық баға комиссиясында сараптаудан өтеді. Бұл контрактыларды тіркеу мен сертификаттар беру тек қана Халықаралық

Қазақстан агроөнеркәсіп биржасында жүргізіледі.

8. Бағаға бақылау жасау және оның әлемдік бағаға сәйкес болуын, астықты және ауыл шаруашылығы өнімін демпинг баға бойынша сатуға жол бермеуді жүзеге асыру үшін мына құрамда Республикалық баға комиссиясы құрылсын:

Шуховцов А.И. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары, төрағаның міндетін уақытша атқарушы

<*>

Еспаев С.С. - Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің агроөнеркәсіп кешені экономикасы басқармасының бастығы

Сиденко Е.Е. - Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің агроөнеркәсіп кешенінің қаржы және табиғат қорғау шаралары басқармасы бастығының орынбасары

Папандопуло Е.Н. - Қазақстан Республикасы Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің баға саясаты басқармасының бастығы

Дворкина Т.И. - Халықаралық Қазақстан агроөнеркәсіп биржасының вице-президенті

Ескерту. Комиссия құрамына өзгерту енгізілді - ҚРМК-нің 1995.05.19. N 712 қаулысымен.

9. Облыс әкімдері жергілікті жерлердегі аталған министрліктердің, ведомстволар мен биржалардың өкілдерінен осындай облыстық /аймақтық/ баға комиссияларын құрсын.

10. Республикалық баға комиссиясының төрағасы 5 күндік мерзімде Республикалық баға комиссиясы туралы Ережені әзірлеп, оны Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне ұсынсын.

11. Республикалық баға комиссиясының мәжілісі қажет болуына қарай, бірақ аптасына кемінде бір рет өткізілсін. Республикалық баға комиссиясының мәжілісі өтетін орын - Халықаралық Қазақстан агроөнеркәсіп биржасы. Аталған комиссия облыстық /аймақтық/ баға комиссияларының қызметін үйлестіреді.

12. Халықаралық Қазақстан агроөнеркәсіп биржасы:

Республикалық баға комиссиясының мәжілістерін өткізу үшін үй-жай берсін және оны қажетті ұйымдастыру ісінің техникасымен және байланыспен қамтамасыз етсін;

республикалық баспасөзде биржалық бағалардың бағамын, сатуға шығарылған тауарлардың тізбесін және олардың алғашқы бағасын жүйелі түрде жариялап тұрсын.

(13-тармақ) <*> .

Ескерту. 13-тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.04.21.

N 535 қаулысымен.

14. "1994 жылы экспортқа астық шығару құқына рұқсат алуды Қазақстан Республикасының тауар биржаларында сату туралы" Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 30 мамырдағы N 572 қаулысының;

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 26 сәуірдегі N 435 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 шілдедегі N 597 қаулысының;

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 26 сәуірдегі N 435 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 10 қазандағы N 1134 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі